


# Интербелсенді әдіс-тәсілдері





# Сын тұрғысынан ойлауды дамытудағы “Ақылдың алты қалпак” әдісінің тиімділігі



**Ақ қалпак-** бізге белгілі немесе қажетті ақпаратқа назар аудару үшін пайдаланылады.

**Сары қалпак-** айқындылық пен өмірге сеніммен қарауды бейнелейді. Бұл қалпакты киіп идеяның жағымды жақтарын зерделеу және өз назарыныңызды, күш-жігерін жігеріңізді оның жетістіктері мен жақсылықтарын іздеуге жұмсайды.

**Қара қалпак-** бұл «әз-әзілдің қорғаушысы» немесе нәліктен кейбір тетіктер дұрыс істемейтінін бағалау.

**Қызыл қалпак-** сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.

**Жасыл қалпак-** креативтілікке, мүмкіндіктерге, баламаға және жана идеяларға бағытталады.

**Көк қалпак-** ойлау үдерісін басқару үшін қолданылады. Бұл бақылаушы тетік, ол барлық алты қалпактың талаптарын дұрыс орындалып жатқандығына кепілдік береді.

# Дамыту картасы

*Жаңа сабақты өтіп жатқан кезеңде пайдаланға болады.  
Үш бөлімнен тұрады.*

<b>Не білемін?</b>	<b>Не білгім келеді?</b>	<b>Не білдім?</b>
Жалпы сабақ туралы мен не білемін соны жазамын	Мені қандай сұрақтар қызықтырады, менің не білгім келеді, сол жөнінде сұрақтар беремін.	Бүгінгі жаңа тақырып туралы мен бүгін не үйрендім соны жазамын.



## 5 жолды өлең (шарты)

1. *Кім? Не?* (зат есім)
2. *Қандай?* (2 сын есім)
3. *Не істеді? Қайтты?* (3 етістік)
4. *4 сөзден тұратын 1 жай сөйлем*
5. *Кім? Не?*



## Әңгіме кестесі

*(Төменде көрсетілген схема бойынша толтырып шығады,  
әңгіме ертегі т.б. мазмұнына байланысты)*

- 1. Әңгіменің аты*
- 2. Әңгіменің авторы*
- 3. Кейіпкерлері*
- 4. Қай кезеңді суреттейді*
- 5. Әңгіме немен аяқталады?*
- 6. Не үйретті?*

## Дискуссиялық карта

*Оқушы өзі оқып отырған мәтіннің ішінен өзіне ұнаған және ұнамаған жерін белгілеп жазып отырады және неге ұнады, неге ұнамады, сол жөнінде қорытынды жасайды.*

*Дискуссиялық карта*

*Иә*

*Жоқ*

*қорытынды.*



## ЖИГСО әдісі

*Оқушылардың 4-5 топқа бөлеміз. Тақырыпты, (мақаланы) топтың санына қарай, мазмұнына қарай бөліп береміз. 1,2,3,4,5,- әрбір топ өкілдері берілген бөліктерді оқиды. Топтағы оқушылар өзара пікір алмасады, ортақ тапсырма жасайды. Әр топ өз лидерін тақтаға шығарады. Ол оқушы оқыған білгенінің мазмұнын түсіндіреді.*



# Үш қадамнан тұратын сұхбат

**A**

Сұхбат алушы

**B**

Жауап беруші

**N**

Үн таспаны жазушы

**A- сұрақ қояды.**

**B- жауап береді.**

**N- сұрақ, жауаптарды жазып, анализ береді.**


**Әрбір интервьюден соң рольдер ауысып отырады.**





# Ассоциация


*Берілген тақырып бойынша оқушыларда қандай ой туады, соның барлығы сол сөздің жан жағына жазылады. (бұл тақырып түсіндірілер алдында өткізіледі)*



*Ұқсас түсінік, қасиетті білдіретін болса, кластерлерге бөлінеді.*

# Венн диаграммасы

*Екі шеңбер жасалады. Екі жағындағы бөліктеріне заттар, адамдар, құбылыстардың өздеріне ғана тән белгілер жазылады. Шеңбердің бір-бірімен айқасқан жеріне ортақ белгілері жазылады.*



*Бұл тапсырманы бірге тақтаға орындауға, не болмаса әр оқушы өз дәптерлеріне орындауға да болады.*



# Өзіңізді тексеріңіз:


Жер бетінің өте биік жерлерін таулар деп атайды.

Көптеген өзендер бастауын таудан алады.

- Шындық па немесе Жалған ба?

(Бала өзін тексереді сонан соң “Ия” немес “Жоқ ” деп жауап береді.)

# Blob Tree ағашы



*Бұл парақшаларды сабақ басында немесе сабақ соңында көңіл күйлерін білу үшін алуға болады. Сонымен бірге Кері байланысқа да алуға болады. Өтілген сабақтан қаншалықты түсінгенін ағаштағы адамдарды белгілеп көрсетеді.*



# “ Ыстық орындық” әдісі.



 Evicinhersey

*Берілген тапсырмаға  
байланысты қойылған  
сұрақтарға жылдам жауап  
беру керек, себебі, орындық  
ыстық.*

# “Автор орындығы”

*Оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.*





A decorative border of autumn leaves in shades of yellow, orange, and brown, arranged in a curved path along the left and bottom edges of the slide.

# «Миға шабуыл» стратегиясы

*Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз. Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: “оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?”*

# «Өзіңізді тексеріңіз» әдісі

*Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па  
немесе ЖАЛҒАН ба?*

*Өтілген мәтін бойынша  
мысалдар келтіріледі.*

*Мысалдарды оқу кезінде  
оқушылар ол келтірілген  
мысалдың өтілген мәтінде бар,  
жоғын анықтайды.*






# «Бинго» ойыны.



*Лотоға түскен сандарға  
байланысты сұрақтар беру.  
Мысалы: 16 - сұрақ.  
Семинарға не үшін келдіңіз?  
Алдымен мұғалімдерге жауап  
бергізіп, соңынан дайын жауапты  
ашу, салыстыру.  
«Әдіс алмасу үшін.»*



# “Он сұрақ” әдісі



- (Оқушының сұрақ қоюға бағдарл  
*Мұғалім бір оқушыны таңдап алады, және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жабыстырады-қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі*

# Серпілген сауал

- (Жаңа сабақты бекітуге арналған ойын)
- *Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.*





# "Ойлан тап" оқыта үйрету ойыны.



*Мұғалім кім? деген сұрақ қойғанда, оқушылар ата, әке, іні деп жауап беруге тиіс. Мұғалім қайда? деп сұрақ қойғанда, үстелде, орындықта, партада, аулада, үйде, мектепте деп жауап берулері керек (мақсаты: оқушылар қойылған сұрақты түсініп, оған дұрыс жауап таңдай білулері керек. Яғни кім? деген сұраққа сызғыш деп жауап берілмейді).*





# "Қайталай ғой" оқыта үйрету ойыны.

*Ойын шарты: бір оқушы қандай да бір көкөністі атайды, ал екінші оқушы оны қайталап, тағы бір көкөніс атауын қосады. Үшінші оқушы екеуін қайталап, үшінші сөзді қосады. Осылай ойын 6-7 сөзге дейін жалғасады.*



## "Мені түсін" оқыта үйрету ойыны.

*Бұл ойынды жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуын меңгерту кезеңінде қолдану тиімді. Ойынның бір артықшылығы- алдын ала қосымша дайындықты қажет етпейді. Мұғалім тақта алдына оқушыларды бір қатар етіп тұрғызады. қатардың бас жағына өзі тұрып, жанындағы оқушыға жаңа сөздердің бірін сыбырлап айтады. Оқушы дәл осылай сол сөзді келесі оқушыға сыбырлап айтады. Ойын осылай жалғасады. Қатар аяқталғанда, соңғы тұрған оқушы өзі естіген сөзін дауыстап айтады. Алғашында мұғалім жасырған сөз бен соңғы сөз салыстырылып, бастапқыда сөзді бұзып айтқан оқушы сол сөзді бірнеше рет қайталайды. Осылайша бірнеше сөз жасырылып, олардың айтылуы бірнеше рет қайталанады. Мұғалімнің орнына сыныпты топқа бөліп, жарысты ұйымдастырғанда, әр топ мүшелері ойынды бастайды.*

# "Тақырыптық сөздер" оқыта үйрету ойыны.

*Лексикалық тақырыптарды пысықтау кезінде қолдануға қолайлы ойын түрі. Оқушылар шеңбер жасап, дөңгелене тұрады. Мұғалім басты тақырыпты айтады. Мысалы, мұғалім "Көктем" деген тақырыпты айтады. оқушылар осы тақырып бойынша сөздерді бір-бірден айтады. Осылайша шеңбер аяқталғанға дейін сөздер айтыла береді.*





## 13"Өз жұбыңды тап" оқыта үйрету ойыны.

*Сөз тіркесетірің меңгертуге арналған ойын. Мұғалім сабақта сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын жаттықтыру мақсатында осы ойынды ойнатуына болады. Бұл ойында оқушылар саны жұп болуы керек. Мұғалім әр оқушыға бір-бірден сөз үлестіреді. Барлық оқушылар өздеріне берілген сөздерді дауыстап оқиды. Осыдан кейін оқушылар сөз тіркесін жасау үшін өз жұбын іздейді. Мысалы жаңбыр, жауады, көктем, айлары деген сөздер таратылады. Жаңбыр деген сөзді оқыған бала жауады деген сөзді оқыған баланың қасына барып, екеуі бірігіп, жаңбыр жауады деген тіркесті айтады.*

**"Кім көп және тез?"  
оқыта үйрету ойыны.**

*Мұғалім қазақ тіліне тән белгілі бір дыбысты атайды, оқушылар сол дыбыс кездесетін сөздерді атауы керек. Әрбір дұрыс айтылған сөз үшін мұғалім оқушыға жұлдызша береді. Көп жұлдызша жинаған бала жеңімпаз атанады.*







## "Сөзден сөз тіркесіне" оқыта үйрету ойыны.

*Бұл ойын арқылы оқышлардың сөзден сөз тіркесін құрай алу дағдылары қалыптастырылады. Мысалы, мұғалім бәтеңке деген сөзді айтады, оқушылар қызыл бәтеңке, екі бәтеңке, үлкен бәтеңке, менің бәтеңкем т.с.с сөз тіркестерін айтады. Осы ойын түрлерін қолдану ұстаздардың сабағын қызықты өткізуге септігін тигізеді деген ойдамын.*





# “Сөзілгек” ойыны

Бұл ойынды әр пәнге лайықтап алуға болады. Мысалы, математика сабағында: интерактивті тақтадан бір формула көрсетіледі, бірнеше секундтан соң жабылады. Ал оқушылар есте сақтағанын қағазға түсіреді.

Сол формула қайта көрсетіліп, оқушылар өздерін тексереді. Әрі қарай бірнеше формула көрсетуге болады. Осылайша оқушының есте сақтау қабілетінің артуына ықпал ете аламыз.

Орыс тілі мен ағылшын тілі сабақтарында жаңа сөздерді үйрету барысында да өте тиімді.



## *«Солай ма?...» әдісі*

*Оқушыларды жұптастыра отырып әр жұпқа бірнеше тұжырым (ереже, анықтама, т.б) жазылған парақша таратылады.*

*Ол тұжырымдардың бір-екеуі жалған болуы тиіс. Оқушылар осы жалған тұжырымдарды табуы керек. Егер тұжырым бұрмаланған болса, онда дұрысын айтады.*



# *Басқатырғылар базары*

*Бұл әдісті тарауды қорытындылау немесе қайталау сабақтарына пайдаланған тиімді.*

*Оқушылар тақырыпқа байланысты сұрақтар, сөзжұмбақтар, ребустар дайындап келеді. Топқа бөлінген соң топ мүшелері дайындап келген жұмыстарын ортаға салады және белгіленген уақыт аралығында басқа топтардың ұнаған жұмыстарымен алмастырып, айырбас жасайды.*





## “Орнымды тап” әдісі

### Жауаптар

26	-5	-40,2
-0,4	6,3	1,1
-0,42	-1,7	-200

### Тапсырмалар


$-41 - (-1,8)$	$4,5 / (-0,9)$	$-6,5 * (-4)$
$0,35 + 3/4$	$2,7 - (-3,6)$	$-5,2 + 4,8$
$-25 * 8$	$-9,4 + 7,7$	$1,4 * (-0,3)$

Тапсырманың келесі беті



Екі парақтың біреуіне тапсырмалар (сұрақтар) жазылады. Екіншісіне жауаптары жазылып тақтаға ілінеді, тек ерекшелігі тапсырма жазылған парақ пен жауап жазылған парақты беттестіргенде бір-біріне сәйкес келуі керек. Ал тапсырма парағын бөліктерге бөліп қиямыз да үстел үстіне сурет жағын қаратып араластырып қоямыз. Топ басшы таңдаған тапсырмаға топ мүшелері бірлесіп жауап береді, ал тапсырма жауабына қаратылып жапсырылады, соңында келесі беттегі суреттің толық кескіні көрінеді.

# “ПОПС-формула” әдісі



- П** *«Менің ойымша, .... / Я считаю, что ...».*
- О** *«Себебі ...». «Потому что, ...»*
- П** *«Мен мұны келесі мысалдармен дәлелдей аламын ... / Я могу доказать это на п.*
- С** *«Осыларға сүйене отырып, мен мынадай қорытындыға келдім... / Исходя из этого, я делаю вывод о том, что...»*

# Бағалау парағы

Оқушының аты-жөні:

Бағалау критерийлері	Орындалған деңгейлер	Балл	Ұпайлар		
			Өзінің балы	Мұғалімнің балы	Орташа ұпайы
Зерттейтін маңызды мәселелерді білуі	Жартылай				
	Толықтай				
Негізгі себебін түсінуі	Түсіндіріп бере алмауы				
	Түсіндіріп бере алуы				
Берілген уақытты пайдалануы	Жартылай				
	Толық тиімді				
Өзінің ойын еркін жеткізіп, дәлелдей алуы	Жартылай				
	Толығымен				
Шығармашылық ізденісте болуы	Оқулықпен шектелуі				
	Қосымша тапсырманың орындалуы				

9-10 балл – «5»

6-8 балл – «4»

4-5 балл – «3»

0-3 балл – «2»





# Қабырға газеті (кері байланыс)



Сабақтағы тапсырмаларды орындап болған соң, оқушылар кіші топтарда түрлі-түсті қағаздардан өздеріне ұнаған түсті таңдап, өз әсерлерін, пікірлерін, өз сезімдерін білдіреді. Көңіл – күй парақшаларына смайликтер қыстыру арқылы да сабақтан алған әсерлерін білдіреді.

Авторлық түйін Көңіл-күй парақшасы



## *“Кезбе тілші” әдісі*

*Топ мүшелері 5 рөлге бөлінеді: көшбасшы, уақыт сақшысы, бақылаушы, хатшы, баяндамашы. Әр топ басшысы сыныпқа келген хаттардың біреуін таңдайды. Әр хатта жаңа сабақтың әр бөлігі түсіндірмесімен, мысалдарымен берілген. Берілген мәтінді топта талқылап алған соң баяндамашы келесі топтарға сағат тілімен ауыса отырып, хаттың мәтінін баяндап береді. Соңында өз топтарына оралады.*





- Сыныптағы дарынды және талантты балаларды оқыту
- Сабақтың мақсатын өлшеу
- Оқушылардың өзін-өзі бағалауы
- Бір мезетте барлық оқушыны бағалау

**БІЛУ**

Оқушылар тақырыпқа қатысты білетін барлық терминдерін жазып салады

**ТҮСІНУ**

Оқушылардың қаншалықты түсінгенін білу үшін, бірінші табакшаға жазып салған терминдеріне түсініктеме жазып салады

**ҚОЛДАНУ**

Оқушылар білімдерін қолдана алатынын көрсету үшін есеп шығарыа салады..




# “Сиқырлы айна” әдісі

*Бұл әдісті сабақ соңында алуға болады. Оқушылардың көңіл күйлерін сұрау мақсатында, сергіту сәтіне алуға болады. Оқушылар шеңберге тұрып, бір-бірлеріне қарап сұрақтар қояды, қарсы тұрған оқушы сол сұраққа жаап беруі тиіс. Орындарымен алмасып отырады.*



# Блиц кездесу



*Әріптесіңіз екеуіңіз, біреуіңіз тақтаға, ал екіншіңіз қарама - қарсы жаққа қарап отырыңыз. 1-қатысушы да келесі әріптесіне өтпей тұрып, төменде келтірілген негізгі сөздерді түсіндіру үшін бар жоғы 30 сек уақыты бар- мұғалім түсіндіру үшін негізгі сөзді мысал ретінде келтіреді. Сіздің негізгі сөзіңіз:*

*(Оқушылардың жеке талдауы )*

# Константинополь



*Бүгінгі негізгі  
сөзден барынша  
көп қысқа сөздерді  
құрастыру қажет.*

- *Сіздің нәтижеңіз қандай?*
- *Өте жақсы -10 оданда көп сөз*
- *Жақсы -8 одан да көп сөз*
- *Жаман емес -6 және одан да көп сөз*





**Құпия зат – мына зат  
бойынша  
5 сұрақ құрастырыңыз.  
Бұл не деп сұрамаңыз.**

# Келтірілген мысалды пайдалана отырып, жоқ сөздерді қойыңыз.

Машина үшін металл, жиһаз үшін ағаш.

Кітап үшін қағаз, қағаз үшін ағаш.

\_\_\_\_\_ үшін \_\_\_\_\_ үшін \_\_\_\_\_ сияқты.

\_\_\_\_\_ үшін \_\_\_\_\_ үшін \_\_\_\_\_ сияқты.

Мұғалім затқа қатысты баламаларды ұсынуы тиіс



# Лездеме



- Сіздің топтың 2 қалған оқушысына бүгінгі сабақтың негізгі сөздерін түсіндіру үшін сізде 1 мин бар.



- Конвертте бір сөзді бір рет алу, сөздің өзін атамай түсіндіру, сөзді тапқан бірінші адам конверттен келесіні таңдайды және қалғандарына түсіндіреді.





# Тақырыптық Теннис

- *3 адамнан топқа бөліңіздер: Ойыншы және судья. Мен тақырыпты айтқан соң сіздер кезекпен берілген тақырыпқа қатысы бар сөздерді айта бастайсыздар, біреулеріңіз тоқтағанға дейін жалғаса береді. Топтың 3 қатысушысы сөздерді жазады және есеп жүргізеді.*
- ***Есеп:** Теннистік ойындағы есеп-шот қолданылады. (15 -0, тең және т.б ) немесе әрбір қатысушы сөз таба алмаған кезде **1 балл** беріледі.*




# Бірге ойлаймыз.

- Көршілеріңіз естімейтіндей етіп, сіздің сұрағыңызға жауапты талқылаңыз.
- Мұғаліміңіз 1-4 дейін санды таңдайды;
- Осы санға сәйкес келетін оқушы жауап береді;
- Талқылау және саралау үшін тамаша тәсіл.





## Жадыны дамыуға арналған ойын

- Біз бүгін соңғы бірнеше сабақ барысында оқыған негізгі сөздер келтірілген. Оларды жаттау үшін сендерде 2 мин бар.
  - Топта шектеулі уақыт ішінде бұл сөздерді еске алу қажет. Барынша көп дұрыс жауаптарға сыйлық тағайындалады.
  - - дұрыс сөз
  - + жазу ережесін сақтау
- 



# Ойлан, Бірік, Бөліс



*(Жұптық жұмыс)*

- Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеялары бар сөздерді көп жазады **(Ойлан)**.
- Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді **(Бірік)**.
- Соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды **(Бөліс)**.



# Тақырыптық түйінді сөздер

Таулар,  
жазықтар,  
Жоңғар  
Алатауы, ойпат,  
пайдалы  
қазбалар,  
масштаб, Тянь-  
Шань.



Таулар,  
шатқалдар,  
пайдалы  
қазбалар, Тянь-  
Шань, Жоңғар  
Алатауы.

Келтірілген сөздердің қайсысы жатады? Сөздер банкісі – оқушыны шатастыру үшін Тақырыпқа қатысты бар сөздерді оған қатысы жоқ сөздермен араласытырып орналастырындар. Біздің тақырып-негізгі сөздер осы жерге ауыстырылуы тиіс.

# Бірге ойлаймыз.

(Топпен жұмыс)

Бұл сыныбыңызда талқылауға және диалогқа ықпал ететін “Қолыңды көтер немесе бір адамға сену” көзқарасынан бас тартуға көмектесетін жақсы тәсіл:

- 1. Оқушыларды 4 адамнан тұратын топқа бөліңіз. Әр оқушыға 1-4 дейін номер беру.
- 2. Одан кейін сіз оқушыларға топта талқылау үшін сұрақ қоясыз. Берілген уақыт біткеннен кейін, олар өз жауаптарын планшетке жазады және сыныппен бөліседі. Сізге балалар арасында бәсекелестік тудыру үшін ұпай есептеу жүйесін пайдалануға болады. Одан барған сайын күрделілігі артатын сұрақтарды пайдалана отырып, сипатталған қадамда қайталайсыз.





# Сұрақтары бар қорап

- Кабинетте қорап қойылып, оған оқушылар сабақтың соңында сұрақтарын қалдыра алады. Бұл сұрақтар келесі сабақтың басында талқыланады.



# Оқушылар сұрақтарын қалдырады

Мысалы:

- Жаңа тақырыпты оқыған кезде не туралы білгіңіз келеді?
- Білімді бағалау үшін мұғалімнен немесе басқа оқушылардан сұрау.
- Алдағы уақытта біліміңізді жақсартқыңыз келетін білім/түсінбеу саласын көрсету.
- Қабілеттері шамалы оқушыларды “НЕ” сұрау есімдігін пайдаланып, сұрақ қоюға қабілеттері барынша дамыған оқушыларды “ЕГЕР де ..., не болады” деген үлгіде сұрақ қоюға ынталандыру.



# Кезбе тілші

- Топтарда .... Туралы жаңалықтар бағдарламасын жасау қажет. (мысалы: су тасқыны және т.б)

**1-ші оқушы:** телефон соғып жатқанға ұқсатып, тәулік бойы орын алған оқиғалар туралы хабарлайды.

(Мыс: Су тасқынының деңгейі).

**2-ші оқушы :** Телестудиядағы диктор; жиынтық ақпарат береді.

**3-ші оқушы:**Тілші; Оқиға орнынан ақпарат ұсынады.

**4-ші оқушы:** Тілші сұхбат алатын куәгер.






# *Пилот және новигатор*

- Мұндай жұмыс түрі компьютерде жұппен жұмыс жасайтын оқушылар үшін қолайлы, бірақ басқа жағдайда да пайдалану мүмкін. Оқушылар жұппен бөлінеді, оқушылардың біреуі штурман, ал екіншісі - пилот ролін атқарады.
- “Штурман” “Пилотқа” не жасайтындығын және неліктен жасау керектігін айтады. Мыс: “Тінтуір арқылы Фаилға бас және басып шығаруды таңда”.
- Пилот команданы орындайды және қажет болған жағдайда оны штурман түзетеді. Штурман “Басқару элементтерін өзіне алмауға” тиіс. Неғұрлым мықты оқушының штурман болғаны жақсы, алайда, ролдерді алмастыру да пайдалы. Командаларды орындағаннан гөрі, дәл түсініктеме берген қиынырақ, сондықтан штурмандар пилоттарға қарағанда көбірек үйренеді.


# «Қатесін табу» ойыны

- 1. Жұпқа бөлініңіздер
- 2. Үш ұйғарым жазыңыз, оның біреуі “Жалған” болып табылады.
- 3. Өз ұйғарымыңызды басқа жұпқа беріңіздер.
- 4. 2- жұп ұйғарымды оқиды және үш жауаптың қайсысы дұрыс еместігін талқылайды.




# Ғажайып алаңы

*Барабанды айналдырғанда бір санға келіп тоқтайды. Сандардың астындағы сұрақтарға немесе тапсырмаларға, есептерге, жауап беруге болады. Бұл әдісті барлық пәндерге келтіре беруге болады.*






# “Білім жәрмеңкесі”



*Мектеп құралдарын жасырын сұрақтар, есептер, формулаларды шешу, табу арқылы сатып алу.*



Пәні	Ағылшын тілі	Сыныбы	Күні:			
<b>Мақсаты:</b>	Англия және Қазақстан білім беру жүйесін салыстыра отырып, сөйлеуге үйрету. Англия мен Қазақстан білім беру ерекшеліктерін ажырата білге дағдыландыру.					
<b>Күтілетін нәтижесі:</b>	Англия және Қазақстан білім беру жүйесін салыстыра отырып, сөйлеуге үйрету. Англия мен Қазақстан білім беру ерекшеліктерін ажырата білге дағдыландыру.					
<b>Сабақтың формасы</b>	Топтық, жеке, жұптық					
<b>Сабақтың әдісі</b>	Блум өлшемдеріне сәйкес					
<b>Ұйымдастыру:</b>	Оқушылармен амаңдасу. Психологиялық ахуал туғызу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Топқа бөлу: Англ Қаз фотосуреттерін таңдау арқылы топқа бөлу.					
<b>Ойлау деңгейі (Блум бойынша)</b>	Мақсаты:	Түрткі (тапсырма, сұрақ, ресурс)	Нәтиже	Бағалау	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқшының іс- әрекеті
<b>Білу</b>	Өткен сабақтағы Англиядағы білім жүйесі бойынша білімдерін тексеру	Жаңа сөздер Сұрақтар	State school- млекеттік мектеп Private school – жеке мектеп Boarding school- интернат Kindergarten - балабақша	Формат ивті бағалау	Сөздердің қазақша нұсқасын айтады, сұрақтар қояды	Сөздердің ағылшын тілінде аудармасын табады., сұрақтарға жауап береді.
<b>Түсіну</b>	Жаңа мәтінмен жұмыс	1. Мәтінді оқып, түсініп, аударды.	Критериалды бағалау 1.Мәтіннің оқылуы -қатесіз оқу -Дауыс интонациясы 2. Мазмұнын ашу -Толық ашты -Аша алмады		Бағалау парағын беру, критерилерін түсіндіру	Топпен мәтінді аударып оқиды
<b>Қолдану</b>	Англ мен Қаз білім жүйесін схема арқылы көрсету	Білім жүйесінің сызбасы	Екі елдегі білім жүйесінің айырмашылығын біледі	Бармақ пен бағалау	Тапсырманы түсіндіреді	Топта талқылап, сызба құрады.
<b>Талдау Жинақтау</b>	Тақырыпты бекіту, сұрақтарға жауап беру	“Венн” диаграммасы	Мәтінді салыстыра отырып ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады	Формат ивті бағалау		Жеке жұмыс жасалады.
<b>Бағалау</b>	Сыни пікір айту	Біздің білім беру жүйесіне қандай өзгеріс еңгізер әлігіз?	Оқушылар сыни ойлана отырып өздері еңгізгісі келетіін ойларын айтады.			

# RAFT әдісі

- *RAFT – әдісін пайдалана отырып кейіпкерлер бейнесіне ену. Бұл өз бетімен шығармашылық жұмысқа жатады.*  
*Үлгі: Бұл тапсырма алдын - ала берілді. Оқушылар үйден дайындалып келуі керек.*  
*Роль – қалмақ қызы*  
*Аудитория – Баян*  
*Форма – хат*  
*Тақырып – кешірім*  
  
*- Мен өмірімде үлкен қателік жібердім. Бұл ісіме әлі де өкінемін. Ноян бұл іске лажсыз көнді. Оны өлім аузына өзім салдым.*  
*- Сіздің де дәл осындай қатыгездікке баруыңызға кінәлі менмін. Сіздің намысыңызға от салдым. Кешіріңіз мені, аға.*  
*Роль – Батыр Баян.*  
*Аудитория – Ноян.*  
*Форма - әңгіме.*  
*Тақырып – өкінген іс.*  
  
*R – Walt Disney*  
• *A – “Magic Kingdom”*  
• *F - people*  
• *T – beautiful, happiest.*



# Кері байланыс

Аты: \_\_\_\_\_

Сабақ не туралы болды? \_\_\_\_\_

## Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?

### Бұл сабақ қаншалықты қиын болды?



### Бүгінгі сабақтың соңында қандай сезімде болдым?



Мүлде  
сенімсізбін



Сенімсізбін



Аздап сенімдімін



Сенімдімін



Өте сенімдімін

# Формативті бағалау Блум бойынша

Бағалау парағы (тиісті ұпайдан тұсына күстүмсық кой)

оқушының аты-жөні	Б.Блум бой-ша деңгейі	критерий	дискриттор	ұпайы
	Білу			
	Түсіну			
	Қолдану			
	Талдау			
	Жинақтау			
	Бағалау			
				жалпы ұпай саны:

Бағалау парағы (тиісті ұпайдан тұсына күстүмсық кой)

оқушының аты-жөні	Б.Блум бой-ша деңгейі	критерий	дискриттор	ұпайы
	Білу			
	Түсіну			
	Қолдану			
	Талдау			
	Жинақтау			
	Бағалау			
				жалпы ұпай саны: